

Депозитарлық қолхаттарды немесе базалық активі Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын өзге де бағалы қағаздарды шығару жөнінде хабардар ету, оларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында туынды бағалы қағаздарды шығаруға немесе орналастыруға рұқсат беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 214 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4449 болып енгізілді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі төрағасының 2007.03.30. N 75 бұйрығымен. V074659

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі төрағасының 2007.03.30. N 75 бұйрығымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-1, 34-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І

:

1. Қоса беріліп отырған Депозитарлық қолхаттарды немесе базалық активі Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын өзге де бағалы қағаздарды шығару жөнінде хабардар ету, оларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында туынды бағалы қағаздарды шығаруға немесе орналастыруға рұқсат беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап мыналардың күші жойылды деп т а н ы л с ы н :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Депозитарлық қолхаттарды немесе базалық активі Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын өзге де бағалы қағаздарды шығару жөнінде хабардар ету, оларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында туынды бағалы қағаздарды шығаруға немесе орналастыруға рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 30-шілдедегі N 271 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде N 3833 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Депозитарлық қолхаттарды немесе базалық активі Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын өзге де бағалы қағаздарды шығару жөнінде хабардар ету, оларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында туынды бағалы қағаздарды шығаруға немесе орналастыруға рұқсат беру ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 30-шілдедегі N 271 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 17-маусымдағы N 130 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4309 тіркелген).

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

4. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан тізілім ұстаушыларының қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне және сауда-саттықты ұйымдастырушыға мәлімет үшін жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан	Республикасы	Қаржы
нарығын	және	ұйымдарын
реттеу	мен	агенттігі
Басқармасының		
2006	жылғы	23
		қыркүйектегі
N 214 қаулысымен бекітілген		

Депозитарлық қолхаттарды немесе базалық активі Қазақстан Республикасы резиденттері эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын өзге де бағалы қағаздарды шығару жөнінде хабардар ету, оларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет мемлекеттің аумағында туынды бағалы қағаздарды шығаруға немесе орналастыруға рұқсат беру ережесі

1. Осы Ереже қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) депозитарлық қолхаттарды немесе базалық активі Қазақстан Республикасы резиденттері эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын өзге де бағалы қағаздарды (бұдан әрі - депозитарлық қолхаттар немесе өзге де бағалы қағаздар) шығару жөнінде хабардар ету, оларды орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті беру тәртібін, сондай-ақ уәкілетті органның шет мемлекеттің заңдарына сәйкес туынды бағалы қағаздарды шығаруға немесе шет мемлекеттің аумағында туынды бағалы қағаздарды орналастыруға рұқсат беру шарттарын және тәртібін белгілейді.

2. Эмитент не базалық активі Қазақстан Республикасы резиденттері эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды немесе өзге де бағалы қағаздарды шығаруды жоспарлаған өзге тұлға эмитент органы шығарылым туралы шешімді қабылдағаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға мыналар көрсетілген еркін нысанда жасалған хабарламаны жібереді:

1) эмиссиялық бағалы қағаздары депозитарлық қолхаттарды немесе өзге де бағалы қағаздарды шығаруға жоспарланған базалық актив болып табылатын Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің атауы;

2) депозитарлық қолхаттарды немесе өзге де бағалы қағаздарды шығаруға жоспарланып отырған базалық актив болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы мәліметтер (эмитенттің осындай шешімді қабылдауға уәкілетті органы белгілеген орналастыру түрі, ұлттық бірегейлендіру нөмірі, саны, номиналдық құны немесе бағасы);

3) депозитарлық қолхаттар немесе өзге де бағалы қағаздар туралы мәліметтер (шығарылатын бағалы қағаздардың түрлері, болжалды сан не базалық актив болып табылатын бағалы қағаздардың санына депозитарлық қолхаттардың немесе өзге де бағалы қағаздардың санына болжалды қатысы, шығарылым мерзімі, шығарған ел, шығарылым валютасы, болжалданған шығарылым сомасы, шығарылым андеррайтерлері немесе эмитент хабарлау қажет деп тауып отырған депозитарлық қолхаттарды немесе өзге де бағалы қағаздарды шығарудың өзге де

4) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариатта куәландырылған қосымшасы қоса берілген депозитарлық қолхаттар мен өзге бағалы қағаздар шығарылымының талаптарын анықтайтын құжат көшірмесі (егер шығарылым

6. Қазақстан Республикасының резидент ұйымы егер осы Ережемен құжаттардың көшірмелерін (көшірмелер бірінші басшының қолымен және

мөрдiң бедерлемесiмен расталады) беру белгiленбеген болса құжаттардың түпнұсқаларын бередi. Құжатта парақ көп болған жағдайда әр бетi расталады не құжат тiгiледi және тiгiндi жиегiне iшiнара параққа жапсырылған қағаз пломбамен бекiтiледi. Бiрiншi басшының қолы және мөр бедерлемесi iшiнара қағаз пломбаға, iшiнара құжаттың парағына жасалады.

7. Қазақстан Республикасының резидент ұйымының рұқсат алу үшiн берген құжаттарын уәкiлеттi орган олар берген күннен бастап отыз күнтiзбелiк күн iшiнде қарайды. Қосымша құжаттар ұсынылған жағдайда құжаттарды қарау мерзiмi жаңаланады.

8. Қазақстан Республикасының резидент ұйымы берген құжаттарды қарау қорытындысы бойынша рұқсат алу үшiн уәкiлеттi орган рұқсатты Қазақстан Республикасының резидент ұйымына осы Ереженiң 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша бередi.

9. Туынды бағалы қағаздарды шығаруға немесе орналастыруға рұқсат беру жөнiндегi шешiмдi уәкiлеттi органның бiрiншi басшысы немесе оның орынбасары қабылдайды.

10. Уәкiлеттi орган Қазақстан Республикасының резидент ұйымынан егер ол Қазақстан Республикасының акционерлiк қоғамдар және бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамалық талаптарын орындамаған жағдайында бас тартады.

11. Базалық активi Қазақстан Республикасының резидент эмитенттерiнiң эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды немесе өзге бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды жүзеге асыратын эмитент немесе өзге тұлға орналастыру аяқталған күннен бастап бiр ай iшiнде уәкiлеттi органға еркiн нысанда жасалған және шығарылым жасаған және орналастырған ел, шығарылым валютасын, шығарылым сомасын, шығарылым андеррайтерлерi туралы ақпараты бар, базалық активi жөнiнде хабардар ету, оларды орналастыру қорытындылары жөнiндегi есептi, депозитарлық қолхаттарды немесе өзге бағалы қағаздарға құқығын растауды жүзеге асыратын есептеу ұйымының бiрегейлендiру кодтарын, орналастыру сәтiндегi шығарылған бағалы қағаздардың санын және бағасын, депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар тiзiмiн бередi.

12. Эмитент акцияларды шет мемлекет аумағында депозитарлық қолхаттарды шығару немесе орналастыру арқылы орналастыру кезiнде уәкiлеттi органға Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының 24-бабында белгiленген талаптарға сәйкес оларды орналастыру қорытындысы туралы есеп бередi.

13. Депозитарлық қолхаттарды шығару немесе орналастыру қорытындысы туралы есептi уәкiлеттi орган ол ұсынылған күннен бастап он төрт күнтiзбелiк күн аралығында қарайды. Уәкiлеттi орган осы есептi қарау қорытындысы

бойынша осы есепті берген тұлғаға осы Ереженің 11-тармағына сай, осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәлімет ретінде қабылданғаны туралы хабарламаны жібереді.

14. Базалық активі Қазақстан Республикасының резидент эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды немесе өзге бағалы қағаздарды шығару немесе орналастыру қорытындысы туралы есепте сәйкессіздіктер анықталған жағдайда осы Ереженің 11-тармағында көзделген талаптар бойынша уәкілетті орган эмитентті не есепті берген өзге тұлғаны хабардар етеді, ал ол хабарламаны алған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей өңделген есепті уәкілетті органға ұсынады.

Депозитарлық қолхаттарды
немесе базалық активі
Қазақстан Республикасы
резиденттері эмитенттерінің
эмиссиялық бағалы қағаздары
болып табылатын өзге де бағалы
қағаздарды шығару жөнінде хабардар
ету, оларды орналастыру қорытындылары
жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет
мемлекеттің аумағында туынды бағалы
қағаздарды шығаруға немесе
орналастыруға рұқсат беру

ережесінің 1-қосымшасы

(эмитенттің атауы)

**Базалық активі Қазақстан Республикасы резиденттері
эмитенттерінің орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздары
болып табылатын туынды бағалы қағаздарды шығаруға және
орналастыруға берілген**

Рұқсат

(уәкілетті органның атауы)

базалық активі мыналар болып

табылатын мынадай туынды _____

(түрі) бағалы қағаздар түрлерін шығаруға рұқсат береді:

бағалы қағаздар түрі	
бағалы қағаздар эмитенттерінің атауы және тұрақты орны	

тіркеуші орган атауы, тіркеу күні, айы, жылы	
ұлттық бірегейлендіру нөмірі	
бағалы қағаздар саны	

_____ заңнамасына сәйкес
(мем л е к е т а т а у ы)
_____ аумақта.

(мемлекет атауы)
уәкілетті органның басшысы
(басшының орынбасары) (қолы)

Қазақстан Республикасы
резиденттері эмитенттерінің
эмиссиялық бағалы қағаздары
болып табылатын өзге де бағалы
қағаздарды шығару жөнінде хабардар
ету, оларды орналастыру қорытындылары
жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет
мемлекеттің аумағында туынды бағалы
қағаздарды шығаруға немесе
орналастыруға рұқсат беру
ережесінің 2-қосымшасы

(эмитенттің атауы)

**Шет мемлекет аумағында Қазақстан Республикасының
резидент ұйымына депозитарлық қолхаттарды шығаруға және
орналастыруға берілген**

Рұқсат

(уәкілетті органның атауы)
Қазақстан Республикасының резидент ұйымына

(толық атауы және тұрақты жері)

(ш е т м е м л е к е т а т а у ы)
аумақта депозитарлық қолхаттарды шығаруға және орналастыру арқылы
мынадай акцияларды орналастыруға рұқсат беріледі

- 1) акция түрі _____
- 2) акция саны _____
- 3) акция шығарылымы тіркелді _____

(тіркеуші орган атауы, тіркеу күні, айы, жылы)
4) ұлттық бірегейлендіру нөмірі_____.

Уәкілетті
(басшының орынбасары)

органның
(қолы)

басшысы

Қазақстан Республикасы
резиденттері эмитенттерінің
эмиссиялық бағалы қағаздары
болып табылатын өзге де бағалы
қағаздарды шығару жөнінде хабардар
ету, оларды орналастыру қорытындылары
жөніндегі есепті беру, сондай-ақ шет
мемлекеттің аумағында туынды бағалы
қағаздарды шығаруға немесе
орналастыруға рұқсат беру
ережесінің 3-қосымшасы

(эмитенттің атауы)

**Базалық активі Қазақстан Республикасы резиденттері
эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары болып
табылатын депозитарлық қолхаттар мен өзге эмиссиялық
бағалы қағаздарды орналастыру қорытындысы туралы есепті
мәлімет ретінде қыбылдауға берілген**

Хабарлама

(уәкілетті органның атауы)
орналастыру қорытындысы бойынша есепті мәлімет ретінде қабылдайды

(бағалы қағаз түрі)

(бірегейлендіру түрі)

(орналасқан ел)
ұсынған_____.

(эмитенттің толық атауы және тұратын орны)

Уәкілетті
(басшының орынбасары)

органның
(қолы)

басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК